

ФТАР 16.41.21

Ғылыми мақала

М.Б. Жукиева*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**Алматы, Қазақстан**(E-mail: mendesh.75@mail.ru)***Гагауыз тілі – түркі әлеміндегі шағын, бірақ маңызды тіл**

Аңдатпа. Гагауыздар – тарихи тағдыры күрделі, этникалық және мәдени тұрғыдан бай түркі халықтарының бірі. Гагауыз тілі – түркі тілдерінің оғыз тобына жататын, тарихи даму барысында әртүрлі тілдік және әлеуметтік факторлардың ықпалын бастан кешкен тіл. Олар негізінен Молдова Республикасының оңтүстігіндегі Комрат автономиялы аймағында тұрады. Өз отандарын Гагауыз Йери деп атайды. Сонымен қатар гагауыздар Украина, Болгария, Түркия, Қазақстан және Ресей жерлерінде де шашыраңқы орналасқан. Гагауыздар христиан дінін ұстанатын түркі тектес халық ретінде де ерекшеленеді.

Мақалада гагауыз халқының тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиетіне шолу жасалады. Гагауыз тілі молдаван, румын тілдерінің әсеріне ұшыраса да түркі тілдеріне тән агглютинативтік жүйені сақтай алған. Гагауыз мәдениеті, діні, салт-дәстүріндегі ерекшеліктері «Sarmisak günü» т.б. мысалдармен көрсетіледі. Зерттеушілер Н.З. Гаджиев, В.А. Мошков, Е.С. Сорочяну т.б. еңбектеріндегі пікірлері негізінде түркітектес сөздер гагауыз тілінде көптеп сақталып, әлі күнге дейін қолданыста екендігі, қазіргі жастар тіліндегі кірме сөздерге анализ жасалады.

Түйін сөздер: гагауыз, гагауыз тілі, түркітектес елдер, тілдік ықпал

DOI: <https://doi.org/10.71078/5snmhn48>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 23.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Гагауыз ұлты – тарихи тоқырауларды бастан кешіргенімен, ұлттық болмысын сақтап қалған, мәдени тұрғыдан бай мұраға ие түркі халықтарының бірі. Гагауыз тілі – түркі тілдерінің оғыз тармағына кіретін, тарихи дамуы барысында әртүрлі тілдік және әлеуметтік ықпалдарға ұшыраған тіл. Гагауыз халқының негізгі бөлігі Молдова Республикасының оңтүстігіндегі Комрат автономиялық аймағында өмір сүреді. Олар өз отандарын Гагауыз Йери деп атайды. Бұдан бөлек, гагауыз қауымдары Украинада, Болгарияда, Түркияда, Қазақстан мен Ресейде де қоныстанған. Гагауыз халқы түркі тектес бола отырып, христиан дінін ұстануымен де ерекшеленеді.

Гагауыз тілі түрік, әзербайжан, түрікмен тілдеріне жақын. Гагауыз тілі лексикалық, фонетикалық және грамматикалық жағынан осы тілдермен ұқсас болғанымен, христиан дінін ұстануымен Балқанаймағындағы славян тілдерінің ықпалы оның өзіндік ерекшелігін қалыптастырды. Гагауыз тілінде қолданыста негізінен түрік тіліне тән дыбыстар, алайда молдаван, румын тілдерінің әсерінен кейбір сөздер мен дыбыстар өзгеріске ұшыраған. Көрші елдердің ықпалына қарамастан, түркі тілдеріне тән агглютинативтік жүйе сақталған, яғни сөздерге жұрнақтар жалғану арқылы жаңа мағына беріледі. 1953-1993 жылдар аралығында Кеңес үкіметі кезінде гагауыздар кириллицаны қолданып, кейін латын қарпіне көшті. Оған дейін тек ауызша тіл ғана болды. Ғалымдар гагауыз тілін жазба тілге көшіру үшін үлкен еңбек етті. Тұңғыш рет орыс ғалымы В.А. Мошков Қазан қаласында «Гагаузские тексты. – Известия Общества археологии, истории и этнографии» еңбегін бастырып шығарды. Ол түрік әліпбиін кириллицаға аударып, созылыңқы

дыбыстарға үстіне сызықша, жіңішке, жұмсақ айтылатын дыбыстардың үстіне нүкте, екі нүкте қойып, гагауыз әліпбиін жасап шығарды.

Зерттеу әдістемесі

Алғашқы гагауыз әліпбиі арқылы В. Мошков гагауыз тіліне тән фонетикалық ерекшеліктерді жеткізе білді. Одан кейін М. Чакир орыс әліпбиіне ұқсас әріптермен бірнеше еңбектер жариялады (Тукан, 1972: 59). 1957 жылы 30 шілдеде, Молдован КСР Жоғары Кеңесінің шешімімен гагауыз халқының жазбаша тілі енгізілді. Әрине саяси және экономикалық байланыстарға қарай, гагауыз тілінің әліпбиі молдаван және орыс әліпбиінің негізінде жасалды. Бірнеше рет өзгерістерден өтіп, 1993 жылы ресми түрде латын қарпіне көшкеннен кейін, қазіргі таңда гагауыз тілінің өз әліпбиі бар. Оны кестеде былай көрсетсек болады:

Алғашқы әліпбиі	гагауыз	a, б, в, г, д, е, ж, з, j, i, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, ы, ц, з, l, h, ā, ē, ī, ō, ū, Ъ, ö, ð, ŷ, ä, ā.
Қазіргі әліпбиі	гагауыз	A a, Ä ä, B b, C c, Ç ç, D d, E e, Ė ė F f, G g, H h, I ı, İ i, J j, K k, L l, M m, N n, O o, Ö ö, P p, R r, S s, Ş ş, T t, Ț ț, U u, Ü ü, V v, Y y, Z z.

Қазіргі таңда гагауыз тілі Молдова үкіметі мен Гагаузия автономиясы тарапынан сақталып, дамып келеді. Білім беру мекемелерінде ана тілі ретінде оқытылады, жергілікті баспасөзде, радио мен теледидарда қолданылады.

Гагауыз мәдениеті – түркі және балқан өркениеттерінің тоғысқан көрінісі. Сан жағынан аз болса да, гагауыз халқы өздерінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және ұлттық киімдерін ғасырлар бойы сақтап келеді. Гагауыздар көбіне мал шаруашылығы, егіншілік және шарап жасаумен айналысады. Бұл олардың тұрмыс салтына тікелей әсер етеді. Гагауыз халық музыкасы мен билері Балқан әуендеріне жақын, бірақ түркілік сарындар да айқын сезіледі. Домбыраға ұқсас аспаптар мен сыбызғы, барабан қолданылады. Әйелдер ұлттық киімінде кестелі алжапқыш пен орамал қолданса, ерлер көбіне қарапайым, бірақ сәнді тігілген жейде мен шалбар киеді. Гагауыздар христиан дінін ұстанады, және діни мерекелерді атап өтеді. Бірақ, сонымен қатар түркілік төркіні бар Құрбан, Наурыз сияқты діни мерекелерді де тойлайды. Бұл олардың кейбір әдет-ғұрыптарына әсер еткен, Мысалы, Пасха, Рождество мерекелері түркілік жаңа жыл тойлау дәстүрімен қатар жүреді. Гагаузияда «Sarmısak günü» деп аталатын сарымсақпен байланысты халықтық дәстүр бар. Бұл күні олар зұлым күштерден қорғану үшін рәсімдер жасайды, қабырғалар мен есіктерге сарымсақпен кресттің суретін салады, қалталарына салып өздерімен бірге алып жүреді және сарымсақ қосып түрлі тағамдар дайындайды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Гагауыздардың шығу тегіне қатысты түрлі болжамдар әртүрлі кезеңдерде айтылып жүр. Олардың арғы тегі гректер екен, болгарлар екен деген де қалыптасқан пікірлер бар. Зерттеуші Н. Асқаров бұл туралы «Гагауыз әдеби тілі» мақаласында жаза келіп: «Бұл болжамсоңғыжылдарыгрекғалымдарытарапынанқуатталыпкеледі. Кейбірзерттеушілер гагауыздардың тегі болгар екенін, бір замандарда күштеп түркілендірілгенін айтады. Ал, тарихи дәлелдер мен дәйектер гагауыздардың түркілік тамырдан тарағанын растайды», – дейді. Гагауыз тілінің тарихи негіздері туралы зерттеуші ғалым Н.З. Гаджиевтің пікірі де: «Гагауыз халқының этногенезі мен тілі оғыз және балқандық тілдік элементтердің тоғысуымен сипатталады. Гагауыз тілі өзінің негізін ортағасырлық оғыз тілдерінен алады. XI–XIII ғасырларда селжұқ және печенег, оғыз тайпаларының Балқан түбегіне қоныс аударуы гагауыз этносының және тілінің қалыптасуына әсер етті» (Гаджиев, 1993:

527). Тарихха сүйенсек, XI ғасырда қыпшақтардан ығысқан көшпелі түркі оғыздар Ресей жаққа қарай жылжи бастаған. Гагауыздар көше отырып, XVIII –XIX ғасырларда Ресей империясының территориясын паналайды. 1906 жылы гагауыздар Комрат қаласында өздерінің егемендігін жариялаған, бірақ олардың тәуелсіздігі алты күнге ғана созылды. Қаншама еркіндікті аңсағанымен, алып арыстандай Ресей Империясына қарсы тұра алмады. Қазіргі таңда Молдова жерінде Гагауз Иери деп аталатын өз автономиясы бар. 1990-жылдардан кейін Гагаузия автономиясының құрылуымен бірге, тіл саясаты жаңа деңгейге көтерілді. 1994 жылы қабылданған Гагаузияның құқықтық мәртебесі туралы заңда гагауыз тілі Молдова Республикасы аумағында мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылатын тіл ретінде бекітілді. Бұл заң гагауыз тілінің мәртебесін нығайтып, білім беру мен бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда гагауыз тілі мектептерде ана тілі ретінде оқытылады, Комрат мемлекеттік университетінде гагауыз тілі мен әдебиеті кафедрасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, тілдің сақталуы мен дамуына бағытталған ғылыми орталықтар, мәдени ұйымдар мен тіл үйрету курстары ашылған.

Гагауыз әдебиеті – кеш қалыптасқанымен, терең ұлттық рух пен тарихи тағдырды сипаттайтын маңызды рухани мұра. Кеңестік кезеңде алғаш әдеби шығармалар жарық көре бастады. Сол кезеңнен бастап гагауыз тілінде жазатын ақын-жазушылар қалыптасты. Олардың әңгімелері мен повестері гагауыз халқының тұрмыс-тіршілігін, қиындықтары мен қуаныштарын суреттейді. Қазіргі таңда гагауыз әдебиеті интернет, мерзімді баспасөз, әдеби журналдар арқылы дамып, жаңа буын ақын-жазушылар пайда болуда. Сонымен қатар балалар әдебиеті мен драматургия саласы да өркендеп келеді. Гагауыз тілінің жағдайы тіл саясаты және жаңа тілдік нормалар бағытында даму үстінде. Гагаузия автономиясында гагауыз тілінде білім беру мен БАҚ жүйесін дамыту қолға алынған (Ciachir, 2000)

Гагауыз әдебиеті соңғы онжылдықтарда айтарлықтай дамып келеді. Қазіргі буын қаламгерлері ұлттық болмысты, тарихи жадты және түркілік сана-сезімді жаңаша сипатта көрсетуде. Көрнекті ақындар мен жазушылар қатарында Димитрий Карачобан, Николай Бабоглу, Степан Булгар, Елена Казмалы секілді есімдер ерекше аталады. Олардың шығармаларында туған жерге сүйіспеншілік, тіл тағдыры және ұлттық бірегейлік тақырыптары кеңінен орын алған. Мысалы, Д. Карачобанның поэзиясы туған тілдің тағдырына алаңдаушылық пен ұлттық намысты ояту идеясын алға тартады. Оның «Ана тілім» өлеңінде ақын гагауыз тілін ана сүтімен бірге келген рухани құндылық ретінде бейнелейді. Сондай-ақ, қазіргі кезеңде балалар әдебиеті мен халық ертегілерін жинау, аудару және жариялау ісі де жанданып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық тілдің болашағына оң әсер етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Гагауыз тілінің дамуына бірнеше сыртқы тілдік факторлар әсер етті. Гагауыз халқының ұзақ уақыт бойы славян тілдерімен, соның ішінде болгар және орыс тілдерімен байланыста болуы нәтижесінде лексикалық және фонетикалық деңгейде көптеген кірме сөздер қалыптасты. Әсіресе, жастар арасында гагауыз тілі мен орыс тілінің араласқан сөйлеу үлгісі кеңінен тараған. Бұл құбылыс тілдің табиғи эволюциясы мен әлеуметтік бейімделуін көрсетеді (Сорочяну, 2003). Гагауыз жастарының сөйлеу тілінде екітілділік (билингвизм) және тіпті үштілділік (трилингвизм) қалыптасқан. Бұл құбылыс бір жағынан тілдің икемділігін арттырса, екінші жағынан әрине, гагауыз тілінің таза формасын сақтауға қауіп төндіреді. Географиялық және саяси ортаға байланысты гагауыз тіліне румын тілінен де көптеген сөздер енген. Бұл ықпал негізінен тұрмыстық және әкімшілік лексикада көрінеді. Гагауыз тілінің фонетикалық жүйесі оғыз тілдеріне тән үндестік заңына (сингармонизмге) негізделгенімен, славян және румын тілдерінің

әсерінен бұл заң толық сақтала бермейді. Әсіресе, румын тілінен енген кірме сөздерде жіңішке және жуан дауыстылардың аралас келуі байқалады.

Мысалы: *șkola* (мектеп), *portfel*, *komitet* сияқты сөздер орыс тілінен енгенімен, гагауыз фонетикасына бейімделіп айтылады. Ал, түркі тілдерімен ішкі байланыста болуы, Түркия түріктері, әзербайжан және түрікмен тілдерімен туыстық қатынас гагауыз тілінің грамматикалық құрылымын сақтап қалуға көмектесті. Гагауыз халқының күнделікті өміріндегі нан атауларына қатысты мақаласында Молдаван зерттеушісі Е.С. Сорочяну: «Исследование хлеба и мучных изделий в повседневной жизни гагаузов показало хорошую сохранность их древних видов и то, что основную базу наименований составляют исконно тюркские названия с включением заимствований из балканских языков», – дейді. Яғни, басқа тілдердің ықпалына қарамастан, түркітөктес сөздер гагауыз тілінде көптеп сақталған, және әлі күнге дейін қолданыста.

Қорытынды

Гагауыздар – өз тілін, мәдениетін және әдебиетін сақтап, дамытуда үлкен күш салып келе жатқан түркі халықтарының бірі. Олардың тілі – түркілік тамырынан ажырамағанымен, еуропалық элементтермен үйлесіп, өзіндік ерекшелігі бар тілге айналды. Мәдениеті мен әдебиеті де осы синтездің көрінісі болып табылады. Гагауыз халқы – түркі әлемінің бай әрі алуан түрлі болмысының бір мысалы. Гагауыз тілі – сыртқы әсерлер мен ішкі дамудың өзара байланысы және тарихи тағдырдың, географиялық оқшауландудың және көп мәдениетті ықпалдың нәтижесінде қалыптасқан ерекше тілдік жүйе. Ол түркілік түбірін сақтай отырып, еуропалық тілдермен өзара ықпалдасып, жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Тілдің көпфакторлы дамуы оның өміршеңдігін қамтамасыз етсе, мемлекеттік қолдау мен мәдени жаңғыру оны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Тілді сақтау мен дамыту ісінде үкіметтік деңгейде білім беру, медиа және мәдениет салаларының бірлескен әрекеті аса маңызды. Гагаузияның мемлекеттік бағдарламалары мен халықаралық қолдау жобалары тілдің дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан гагауыз тілі – Еуропадағы түркі дүниесінің айрықша үлгісі ретінде, әрі тілдік көптүрлілікті сақтаудың маңызды мысалы ретінде зерттеуді қажет ететін құнды мұра. Болашақта гагауыз және қазақ тілдерін салыстыра зерттеу – түркі тілдерінің тарихи байланысын, құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұндай зерттеу екі халықтың тілдік мәдениетін, дүниетанымдық жақындығын және тарихи сабақтастығын ашып көрсетуге және олардың дамуындағы ішкі және сыртқы факторлардың рөлін тереңірек түсінуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

Гаджиев, Н.З. (1990). *Тюркские языки*. Москва.

Сорочяну, Е.С. (2003). *Хлебомучные изделия в повседневной жизни гагаузов*. *Алтай Аманжолов және оның түркітанудағы әлемі: II Халықаралық Аманжолов оқулары форумы материалдар жинағы*.

Тукан, Б.П. (1972). *Письменность гагаузского языка*. В *Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР (59 с.)*. Москва.

Түркі тілдері: Ұжымдық монография. (2015). Астана. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. РМҚК.

Ciachir, M. (2000). *Gagauzii: Istorie, tradiții, cultură*. Chișinău.

Menz, A. (1999). *A grammar of Gagauz (Turkic language of Moldova)*. Wiesbaden. Harrassowitz Verlag.

References

- Ciachir, M. (2000). *The Gagauz people: History, traditions, culture*. Chişinău. [in Romanian]
- Gadzhiev, N.Z. (1990). *Turkic languages*. Moscow. [in Russian]
- Menz, A. (1999). *A grammar of Gagauz (Turkic language of Moldova)*. Wiesbaden. Harrassowitz Verlag. [in English]
- Sorochyanu, E.S. (2003). Bread and flour products in the everyday life of the Gagauz. In *Altai Amanzholov and his world in Turkology: Proceedings of the 2nd International Amanzholov Readings Forum*. [in Russian]
- Tukan, B. P. (1972). The writing system of the Gagauz language. In *Issues of improving the alphabets of the Turkic languages of the USSR* (p. 59). Moscow. [in Russian]
- Turkic languages: A collective monograph*. (2015). Astana. Shayakhmetov Republican Coordination and Methodological Center for Language Development. Republican State Public Enterprise. [in Kazakh]

M.B. Zhukiyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: mendesh.75@mail.ru)

The Gagauz Language – A Small but Important Language in the Turkic World

Abstract. The Gagauz people are one of the Turkic peoples with a complex historical fate and rich ethnic and cultural heritage. The Gagauz language belongs to the Oguz group of Turkic languages and has been influenced by various linguistic and social factors in the course of its historical development. The main Gagauz population lives in the south of the Republic of Moldova, in the Comrat Autonomous Region. They call their homeland Gagauz Yeri. In addition, the Gagauz people are also settled in the territories of Ukraine, Bulgaria, Turkey, Kazakhstan and Russia. The Gagauz people are distinguished by the fact that, being a people of Turkic origin, they profess Christianity.

This article examines the language, culture and literature of the Gagauz people. The Gagauz language, despite the influence of Moldovan and Romanian, managed to preserve the agglutinative system characteristic of the Turkic languages. Features of Gagau culture, religion, customs and traditions of «Sarmisak günü», etc. shown by examples. Based on the opinions of researchers in the works of N.Z. Gadzhiev, V.A. Moshkov, E.S. Soroceanu, and others, an analysis is made of Turkic-language words that have been preserved and are still used in the Gagauz language.

Keywords: Gagauz, Gagauz language, Turkic nations, linguistic influence

М.Б. Жукиева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
(E-mail: mendesh.75@mail.ru)

Гагаузский язык – небольшой, но важный язык в тюркском мире

Аннотация. Гагаузы – один из тюркских народов с сложной исторической судьбой и богатым этническим и культурным наследием. Гагаузский язык относится к огузской группе тюркских языков и в процессе исторического развития испытал влияние различных языковых и социальных факторов. Основное население гагаузов проживает

на юге Республики Молдова, в автономном регионе Комрат. Свою родину они называют Гагауз Йери. Кроме того, гагаузы расселены также на территориях Украины, Болгарии, Турции, Казахстана и России. Гагаузы отличаются тем, что, будучи народом тюркского происхождения, исповедуют христианство.

В данной статье рассматриваются язык, культура и литература гагаузского народа. Гагаузский язык, несмотря на влияние молдавского, румынского языков, сумел сохранить агглютинативную систему, характерную для тюркских языков. Особенности гагаузской культуры, религии, обычаев и традиций «Sarmısak günü» и др. показаны на примерах. На основании мнений исследователей в трудах Н.З. Гаджиева, В. А. Мошкова, Е.С. Сорочяну и др. делается анализ тюркоязычных слов, которые сохранились и используются до сих пор в гагаузском языке.

Ключевые слова: гагаузы, гагаузский язык, тюркские народы, языковое влияние

Автор туралы мәлімет:

Жукиева М.Б. – докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Zhukieva M.B. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Жукиева М.Б. – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License